

Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 28 желтоқсандағы N 1873

Құқық қорғау және қорғаныс ведомстволары бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардан алынған материалдық игіліктер үшін жинақталып қалған қарызды қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен салық төлемдері және басқа да борыш міндеттемелері бойынша республикалық бюджет алдында жалпы сомасы 49 (қырық тоғыз миллион) млн. теңге қарызы бар кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы қарыздың бір жолғы есептемесін беріліп отырған тізбеге сәйкес жүргізілсін.

Аталған соманы жоғарыда аталған кәсіпорындар мен ұйымдардың алған материалдық игіліктері үшін қарызын, құқық қорғау және қорғаныс ведомстволарын қаржыландыру есебіне есептесін.

2. Қарызды есептеу 1995 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізіліп, аталған сома республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлімдерінде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
28 желтоқсандағы
N 1873 қаулысына
қосымша

қосылған құнға салынатын салық	7000		7000
пайдаға салынатын салық		5000	5000
Жиыны	49000	5000	44000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК